ройлы атақ
а оралады

ғасырға жуық уақыттан ақстан халық әртісі атағы етін болды. Бұл туралы Ел Қасым-Жомарт Тоқаев ылдағанын айтты.

[illegible] берілп жатқан атақ көп абыройы аз. Бәлкім, атақ жатқан болуы да бек мүмкін. [illegible] Ел Президенті мәдениет [illegible] жан-жақты ойлас- [illegible] айтты.

[illegible] саласындағы [illegible] жүргізу керек. [illegible] үшін жаңа [illegible] жасалып жатыр, – деді

[illegible] осы күнге, яғни Рес- [illegible] 1999 жылдан кейін «Қазақстанның халық [illegible] берілмегенін айтты. [illegible] Қазақстанның халық әртісі [illegible] келтіру туралы [illegible] Биыл қазан айында [illegible] осы атаққа лайықты [illegible] өкілдерінің алғашқы [illegible] – деді Президент Тоқаев.

[illegible] жылдан бастап той- [illegible] Республика күні қарса- [illegible] халық әртістері [illegible]

Алтай Ғали-Асқар

СҰХБАТ

Сәуле РАХМЕТУЛЛИНА, Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ басқарма төрағасы-ректоры:

– Еліміздің саяси жүйесіндегі басты өзгерістер әлі алда

Төрт жыл бұрын ел тізгінін Қасым-Жомарт Тоқаев ұстады. Тосын өзгерістер мен тың бастамаларға толы бір кезең басталды. Төрт жыл бұрын ұсынылған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүйелік шешімдерге жол ашты. Ел Президентінің әлеуметтік реформалары жөнінде Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің басқарма төрағасы-ректоры Сәуле Рахметуллинамен әңгіме өрбітудің сәті түскен еді.

– Сәуле Жадігерқызы, ең әуелі, өзіңізге жақын білім және ғылым саласына тоқталсақ. Өткен жылы Үкімет құрылымында білім және ғылым саласын басқаратын екі ведомство пайда болды: бір бейінді министрліктің орнына екеу құрылды. Саяси сарапшылар бұл қадам арқылы ғылымға да, білім берудің әрбір деңгейіне де бірдей лайықты көңіл бөлінеді деген тұжырым жасады. Сіздің ойыңыз қандай? Өзіңіз жетекшілік етіп отырған білім ордасына бұл өзгеріс қалай әсер етті?

– Қазіргі білім жүйесіндегі әрбір оқыту кезеңінде нақты мақсат пен жоспар бар. Ғылым және жоғары білім министрлігін құруға қатысты реформа, еліміздің ғылыми әлеуетін жетілдіруге жаңа қадам ретінде, экономикамызға жаңа мамандарды даярлау сапасын арттыру үшін қолға алынды деп ойлаймын. Бүгін көз кел- [illegible] университеттің міндеті тек кәсіби кадр даярлаумен шектелмейді. Нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттер мен мәселелерді шешуді көздейді. Инженерлік кадрларды кешенді даярлау ШҚТУ-дың стратегиялық даму жоспарларында көзделген.

– Биылтырғы тағы бір үлкен жүйелі шешімі – Ұлттық ғылым академиясының трансформациясы. Жалпы, сіздің ойыңызша, отандық ғылымның дамуы қай деңгейде? Ендігі кезекте жастардың ғылымға құштарлығы арта түседі деуге негіз бар ма?

– Ғылым және жоғары білім министрлігі құрылған сәттен бері елімізде ғылымды дамытуға көптеген жаңашылдықтар енді.

Өткен жылдың желтоқсан айында ел Үкіметі Ұлттық Ғылым академиясын мемлекет жарғылық капиталына жүз пайыз қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғам деп тану туралы тиісті қаулы қабылдады. Бұл шешім әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдықтарына, сондай-ақ стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарына сәйкес ғылымды дамыту бойынша форсайттық зерттеулерді дайындау мен жүргізуді үйлестіруге жаңа серпін береді деп ойлаймын.

Ғылымды қаржыландыру моделінің форматы қайта қаралды. Ғылым моделін қолданбалы форматқа шығаруға көбірек көңіл бөлінеді. Президент тапсырмасына сәйкес ғылымды қаржыландыру 3,5 есе өсті. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың

экожүйесін құру үшін көп жұмыс істелуде, яғни ғылымды басқарудың жаңа моделін енгізу көзделіп отыр. Өнір өндірістік секторының проблемаларын шешу үшін бизнес-акселерацияны жүргізу жаңа коммерцияланатын жобалардың өсуі мен дамуының катализаторы болады.

Ғылымды дамытудағы маңызды мәселелердің бірі – жас ғылыми кадрларды даярлау. Қазір елдегі ғалымдардың орташа жасы – 59 жас. Жыл сайын магистратура мен докторантураға түсуге арналған бюджеттік орындар саны артуда. Президент тапсырмасына сәйкес білім алушылар стипендиясының мөлшері жүйелі түрде өсуде. Жас ғалымдардың жобаларын қаржыландырудың жаңа тетіктері [illegible]. Бұл – 40 жасқа дейінгі зерттеу тобымен жас ғалымдардың гранттық қаржыландыруға арналған жоба [illegible] постдокторантураға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша байқаулар. Ғылым инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңғырту жүріп жатыр. Мұның бәрі жастарды қолдап, [illegible] ғылымдарға тарту үшін жасалады. Сондықтан жыл сайын ғылымға қызығушылық танытатын жастар саны арта түседі деп ойлаймын.

– Мемлекет басшысы жасаған маңызды саяси реформалардың бірі – сайлау жүйесіндегі өзгеріс. Өзіңіз де жуықта өткен саяси науқанның бел ортасында болдыңыз. Бұл жолы мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы жаңаша, әлдеқайда демократиялық және ашық форматта өтті деп айта аласыз ба?

– Сөзсіз, өткен сайлауда көптеген өзгеріс болды. Осыған дейін Парламентке сайлауда депутаттарды партиялық тізім бойынша таңдап келді. Аралас сайлау жүйесіне көшу сайлауалды науқанына тек саяси партиялар өкілдерін ғана емес, белсенді саяси ұстанымы бар қарапайым азаматтарға да жол ашты. Бұдан бөлек, Парламентке өту кезінде партиялар үшін шекті пайыздың 7%-дан 5%-ға дейін төмендеуі Парламенттегі саяси әртүрлілікке ықпал етеді. Қазірдің өзінде Мәжілісте алты партияны көріп отырмыз. Саяси әртүрлілік – мемлекеттің демократиялық өсуінің басты белгілерінің бірі.

► 2